

Кіші топ		ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі		№9				
Күндері		25 - 29.10.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы		Жомарт күз / Щедрая осень/ Generous autumn				
Мекеменің атауы, тобы		«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні		Далабаева М.Қ.				
Апта күндері		Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау		Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу.		Әңгімелесу: "Баланың тәбетін ашуға қажетті талаптар", "Табиғи азықтары мен баланың денсаулығы", "Дәрумендер тек жемістерде ме?".				
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, талсырмалар немесе кезекшілік)		"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беру үлгісін көрсету; балықтардың дене бөлшектеріне, қимылына, қоректену әрекеттеріне көңіл аудару; бақылағыштыққа тәбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, құрап, сарғайып қалған жапырақтарды үзіп, алып тастау әрекетіне көңіл аудару; өсімдіктердің жасыл жапырақты болуын байқату; су құйғыш арқылы суаруды көрсету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншық бұрышының шаңын сұрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызы туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел ойындары бұрышында сөрелінің шаңын сұрту және ойыннан кейін, бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалықты сақтау туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен, бетінің тегіс болуын бақылау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)		"Жүк көлігі не әкелді? дамытушы ойыны. Мақсаты. Баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру. Педагог ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеліп, бала оны атайды, түсін пішінін атап, ойнау үшін қолына алады. Бұл ненің дыбысы? Бұл ненің жүрісі? - Биіп-биіп! Абайлаңдар, балалар! Шанағымда сендер үшін сыйлықтар бар! Д. Ахметова - Балалар, жүк көлігі не әкелді?	"Балықты аулаймыз" үстел ойыны. Мақсаты. Баланың көз дәлдігін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог үстелдің бетіне сопақша пішінді қатты қағаздан көлдің пішінін қиып, баланың алдына салады, оның бетіне әртүрлі балықтардың кескіндерін үлестіріп салып қояды. Әрбір балықтың денесінде кез келген геометриялық пішіннің ойығы болады. Балалардың қолында түрлі геометриялық пішіндер жинағы жатады. Балалар кез келген балықтың үстіне тура келетін пішінді тауып салса, оны аулап алды деп саналады.	Саусақ жаттығуы. Мақсаты. Баланың тілін, қолдың моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. "Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы) - Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Пазлды жинау. "Қарбыз". Мақсаты. Балаларға екі немесе төрт бөліктерден қарбыздың тұтас пішінін құрастыруға баулу; қарбыздың пішінін дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Педагог әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады.	Қуыршақ ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балалардың қуыршақ ойыншығын әлдилеуі арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап жасауға ынталандыру. Әлди, әлди! Әлди, әлди, бөпешім, Ән сап берем, келе ғой. Жылағашы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" С. Әлімқұлов
Таңғы жаттығу (5мин)		Кешенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Тамақтану рәсіміне деген қызығушылықты қалыптастыру. "Дана ботқаны жемейді". - Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын»,- дейді. Дана, басқалардан қалма, Ана мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмдіні тауысайық. Д. Ахметова
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулар Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Не әкелдің, жомарт күз? - Бір қап көкөніс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Дәмі тәтті жеміс. - Не әкелдің, жомарт күз? - Саңырауқұлақ пен жаңғақ. - Не әкелдің, жомарт күз? - Суық жел әкелдім, алтын жапырақ Жаңбырды төктім, Бүкіл алқаптан өттім. Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар! Д. Ахметова

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Күн". Мақсаты. Балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуге үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруға жаттықтыру; педагогтың көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті турал түсінік беру. <i>"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Домалайды алмалар". Мақсаты. Балаларға допты бір-біріне домалату арқылы олардың қимыл белсенділігін қалыптастыру; жаттығулар барысында екі қолымен допты ұстап домалату икемділігіне үйрету; допты дұрыс бағытқа домалата білу дағдысын меңгерту; игерген жаттығулар мен дағдыларды пысықтау. <i>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Балапан". Мақсаты. Балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауға үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балалардың балапанның дене мүшелері арқылы бақылағыштығы мен тілін, есте сақтауы мен зейінін дамыту. <i>Балапанға бидай шашып берейік жаттығуы.</i> Музыка. "Жайсаң күз". Мақсаты. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айту қабілетін дамыту; дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. <i>"Түсінен таны" ойыны.</i>	Сенсорика. "Үлкен және кішкентай үйшіктер". Мақсаты. Балаларды көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажырата білуге үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқама не үлгі нысанына сүйеніп, тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту. <i>"Үйшікті салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Күнге ұқсаймыз". Мақсаты. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу. <i>Тыныс алу жаттығулары "Күнге ұқсаймыз"</i>	Жаратылыстану. "Жемістер мен көкөністер". Мақсаты. Балаларды жеміс және көгеніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл-күйлерін қалыптастыру. <i>"Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны.</i> Дене шынықтыру. "Домалатайық қане біз". Мақсаты. Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуларын қайталау; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдыларын дамыту; балаларды қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; допты домалату техникасын жетілдіру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу. <i>"Байланған орамал" қимылды ойыны.</i>	Мүсіндеу. "Тиінге жаңғақ". Мақсаты. Балаларға сазбалшықтың тұтас бір бөлігін алақанда дөңгелектеп илеу техникасын игерту; мүсінделіп шыққан шар тәрізді денені "жаңғақ" деп атауға үйрету; жаңғақты "тиіннің қорепі" деп түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, танымы мен зейінін дамыту; аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылықтарын ояту. <i>"Тығылмақ" зейінді жаттықтыру жаттығуы.</i>
--------------------------------------	--	--	--	---	--

Серуен	Аула тазалаушының еңбегін бақылау. Мақсаты. Балаларды аула тазалаушының еңбегімен таныстыру; аулада сары жапырақтарды сыпырғышпен күрекпен тазалау ісін байқату; еңбекқорлыққа баулу. "Көше тазалаушы". - Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті. Шиқылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Қ. Мырзалиев. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды қурап қалған жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; өсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік, Шапалақтап, күлейік. "Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	Ағаштарды бақылау. Мақсаты. Балаларды қоршаған ағаштармен таныстыруды жалғастыру, ағаштардың сары жапырақтары желпілдеп, жайқалып жатқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. - Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарымен бізге бұлғайды. - Балалар, ал қазір ағаштардың жапырақтарына не болды? - Иә, жапырақтар сарғайды, жерге түсті. - Күзде біз жеміс ағаштарынан піскен алманы жинаймыз. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Орманмен жүрейік" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көркем сөзге сай қимылдауға, жағымды эмоциялармен жауап беруге ынталандыру; дене бұлшық еттерін, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту; жаңғақтарды күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. - Балалар, күзде орман ағаштарында жаңғақтар да піседі. - Қанекей, піскен жаңғақтарды жинайық. Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, ағаштан жаңғақты жинағанды көрсетеді, балалар еліктейді, жүріп, тоқтап, қолдарын жоғары созып, аяқ ұштарына тұрып, қайта тұрып, ары қарай бағыттайды. - Орманмен жүрейік, Жаңғақтар терейік. Бір жаңғақты биіктен, Екіншісін төменнен, Қалғандарын жан-жақтан Шапалақтап алақан. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (құм салынған қап) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Желді бақылау. Мақсаты. Балаларды, жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақтау қарама-қарсы жаққа барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, төтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптаастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; өсемдікке деген қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Құмалақтар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттай білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар, Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домаландап қашты. "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; теле-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.	Топырақты бақылау. Мақсаты. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірленеді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. - Балалар, топырақта індер болады. Инде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық өдетін дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тындайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқ ұшымызбен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.
--------	--	---	---	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай туғызу;				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Көкөністер" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларға көкөністерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: көкөністердің нақпішіндері. - Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. "Көкөністер" атты мультфильмін көру. Балаларды бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.	"Балапандар" қозғалыс ойыны. - Балалар, сендер балапан боласыздар. - Балапандар тауық қорада отырады. Орындықтарға отырғызу. - Балапандарым, шығындар аулаға. Тәрбиеші балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады. - Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді, көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жүгіреді. Қалай, көрсетіңдер. Бидайды жерден былай шоқиды: "тоқ-тоқ-тоқ". Қанаттарын сермеп, жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды қосылып, көрсетіп жүру. - Балапандар! Өне үлкен құс ұшып келе жатыр! Жүгіріңдер қораға! Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды. Ойынды екі рет өткізуге болады.	"Жемістер" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларға жемістерді айтқызуға ынталандыру, нақпішіндерін сипату арқылы түйсігін дамыту, есте сақтауға баулу. Құралдар: жемістердің нақпішіндері. - Ал баубақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма.	"Біз шалқандай өстік" Мақсаты. Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін, ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. "Біз шалқандай өстік". Жаттығуды, балаларды шоқайтып отырғызып, бастауға болады. - Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру), Күнге қолды создық (жоғары созылу). Желге қолды бұлғадық (қолдарды бұлғау), Қайта жерге отырдық (қайта отыру). Д. Ахметова"	"Қуыршақ Дананы серуенге шығарайық" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды киім түрлерін атауға, ажыратуға үйрету; киіну рәсіміне баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру. Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер. - Балалар, қуыршақ Дананы далаға шығару үшін нені кигіземіз? - Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші. Балалар кезегімен шығып, педагог көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, педагог көмегімен киінуді үйренеді. Киім үлгілерінің барлығы айтылып шығу керек.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Көкөністер". - Міне, дәмді көкөністер, Күзге дейін пісіп өскен, Картоп, пияз, қызанақ, Қияр, орамжапырақ. Д. Ахметова	"Жемістер". - Ал баубақшада жемістер, Қызарып, толып піскен: Алхоры, өрік, алма, Алмұрт, апельсин, құрма. Д. Ахметова	"Құстар, қайтып келіңдер!" - Қимас өнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар. Ескен Елубай	"Жаңғақ". Мақсаты. Ермексаздан шарды илеу амалын игерту.	Өлди, әлди! Өлди, әлди, бөпешім, Өн сап берем, келе ғой. Жыламышы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке" С. Өлімқұлов
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланың тәбетін ашуға қажетті талаптар", "Табиғи қоректері мен баланың денсаулығы", "Дәрумендер тек жемістерде ме?"				